

Қосымша 1

**2025-2026 оқу жылы бойынша «Өнер» ОӘБ
кадрларын даярлау базасында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы жетекшілік ететін бағыт бойынша есеп**

(ЖЖОКБҰ атауы)

2025–2026 оқу жылы «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ жоспарына сәйкес 5 отырыс өткізілді. Аталған жоспарды ОӘБ төрағасы, ректор А.А. Жүдебаев бекітті. (<https://kaznai.kz/umo-gup/>)
Отырыстардың тақырыптық бағыты Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес келеді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 «Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы, 2024 жылғы 14 маусымдағы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып).

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етудің сыртқы және ішкі жүйелерін жетілдіру мақсатында ЖЖОКБҰ, жұмыс берушілер қауымдастықтары мен өзге де мүдделі органдар өкілдерінің өзара іс-қимылын жүзеге асыру.

2025-2026 жылдары ОӘБ қызметінің келесі бағыттары бойынша орындалған жұмыс

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіру мақсатында, атап айтқанда:

- ЖЖОКБҰ-лардың жұмыс берушілермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын үйлестіру және әдістемелік сүйемелдеу;
- білім алушылардың даярлық сапасын бағалауға жұмыс берушілер мен мүдделі тараптардың қатысуына жәрдемдесу;
- білім беру процесін жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу және оны жетілдіру тетіктерін қалыптастыру;
- нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттарға толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- кәсіптік стандарттарды өзектендіру бағыттарында жұмыстар жүргізілді.

ОӘБ отырыстарына Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы), жұмыс берушілердің өкілдері, креативті индустриялар

саласындағы сарапшылар, сондай-ақ академиялық қоғамдастық өкілдері шақырылды (№1 қосымша) <https://kaznai.kz/umo-gup/>

«Өнер» бағыты бойынша ОӘБ мүшелері С.Ж. Бодиков (Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті), А.А. Юсупова (Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы), А.Т. Ерғалиева (Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті) НААР/IAAR (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі) құрамында білім беру бағдарламаларына сыртқы бағалау және аккредиттеу жүргізуге, сараптамалық талқылауларға, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау тәсілдерін жетілдіруге қатысады.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын жетілдіру жөнінде ұсынымдар дайындау.

«Өнер» бағыты бойынша ОӘБ 2025–2026 оқу жылында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің нормативтік базасын жетілдіру мақсатында мынадай бағыттар бойынша қызметті жүзеге асырды:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын (МЖМБС) өзектендіру;
- кадрлар даярлау бағыттарының сыныптауышының өзектілігін қамтамасыз ету;
- білім беру бағдарламаларын және оларды әдістемелік сүйемелдеу тетіктерін жетілдіру.
- ЖЖОКБҰ-лардың академиялық еркіндігі жағдайында «Өнер» бағыты бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ-лар МЖМБС-тағы өзгерістерге (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 4 наурыздағы № 90 бұйрығы) мониторингті және олардың білім беру бағдарламаларының мазмұнына әсерін бағалауды дербес жүзеге асырды. ЖЖОКБҰ-лар магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары мазмұнының құрылымдарын өзектендіріп, практика мен ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруды жетілдірді, сондай-ақ магистратураның ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттарын ажыратты. Аталған мәселе бойынша ОӘБ отырысында талқылауға арналған ұсыныстар ЖЖОКБҰ-лар тарапынан келіп түскен жоқ.

ОӘБ-тың маңызды функцияларының бірі кадрлар даярлау бағыттарының сыныптауышын одан әрі өзектендіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Атап айтқанда, кадрлар даярлаудың жаңа және перспективалы бағыттарын айқындау, жекелеген бағыттардың атаулары мен мазмұнын нақтылау қажеттілігін талдау, сондай-ақ олардың ғылымның, технологиялардың, экономиканың және еңбек нарығының

қазіргі заманғы даму үрдістеріне сәйкестігін қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді.

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына сәйкестік кестесіне (өтпелі кілттерге) сәйкес «Өнер» бағыты бойынша 6B021, 7M021, 8D021 бағыттары бойынша мынадай кәсіптер келісілді:

6B021 Суретші-реставратор

6B021 Телефильмдер редакторы

6B021 Музыкалық бағдарламалардың режиссері

6B021 Радиохабар тарату режиссері

6B021 Теледидар режиссері

6B021 Кино және теледидар режиссер-продюсері

6B021 Жарнама және музыкалық бейнеклиптер режиссері

6B021 Музыкалық редактор

6B021 Бейнеоператор

6B021 Тележурналистік кешен операторы

6B021 Телеоператор

7M021 Вокал (ән айту) пәнінің оқытушысы

7M021 Гитарада ойнау пәнінің оқытушысы

7M021 Скрипкада ойнау пәнінің оқытушысы

7M021 Фортепианода ойнау пәнінің оқытушысы

7M021 Музыка мектебінің оқытушысы

7M021 Музыка әдебиеті пәнінің оқытушысы

7M021 Сольфеджио пәнінің оқытушысы

7M021 Бал биі пәнінің оқытушысы

7M021 Актерлік шеберлік пәнінің оқытушысы

7M021 Сөйлеу шеберлігі пәнінің оқытушысы

7M021 Продюсер

7M021 Режиссер

7M021 Авторлық теледидар режиссері

7M021 Бейнемонтаж режиссері

8D021 Мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың бірінші басшылары

8D021 Бас режиссер

8D021 Бағдарламалар директоры (радиотелевизиялық)

8D021 Түсірілім тобының директоры

8D021 Басқарма басшысы (кино-, бейнефильмдер, телевизиялық бағдарламалар, фонограммалар, музыкалық жазбалар өндірісі)

8D021 Бас продюсер

3.Салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп кәсіптік стандарттарды әзірлеуге және өзектендіруге қатысу.

«Өнер» бағыты бойынша ОӘБ кәсіби стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жұмыстарына белсенді қатысты.

Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандартына (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамы) өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін көтерді.

Аталған мәселенің өзектілігі № 591 Кәсіби стандартты іске асыру барысында мәдениет және өнер саласындағы шығармашылық жоғары оқу орындары үшін бірқатар жүйелі шектеулердің анықталуымен байланысты. Бұл салада кадрлар даярлау кәсіби тәжірибеге бағдарланған оқыту моделіне негізделеді және бірегей кәсіби тәжірибені тікелей беруді талап етеді. Жетекші оқытушылардың едәуір бөлігі – сахна өнерінде танылған шеберлер, сондай-ақ көп жылдық кәсіби тәжірибесі мен жоғары шығармашылық жетістіктері бар практик-мамандар. Алайда олардың барлығында дәстүрлі академиялық түсініктегі ғылыми дәрежелер бола бермейді. Нәтижесінде шығармашылық жоғары оқу орындарының нақты кадрлық қажеттіліктері мен қолданыстағы кәсіби стандарттың формальды талаптары арасында елеулі алшақтық туындайды, бұл мәдениет пен өнер саласындағы білім беру сапасына қауіп төндіреді.

Талаптарға формальды түрде сәйкес келмеу (ғылыми дәрежесінің, мемлекеттік наградаларының/құрметті атағының болмауы) мәдениет және өнер саласындағы жоғары оқу орындарының кадрлық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, практик-мамандардың кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктеріне, сондай-ақ білім алушылардың практикалық даярлығының сапасына елеулі шектеулер туғызады.

Ұсыныстың мәні – Ұлттық біліктілік шеңберінің (ҰБШ) 8.2 біліктілік кіші деңгейі және кәсіптердің басқа да атаулары бойынша біліктілікке қойылатын талаптарды толықтырып, ғылыми дәрежелермен және мемлекеттік наградалармен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының ведомстволық наградаларын да есепке алу мүмкіндігін қарастыру.

Бұл өзгеріс шығармашылық саладағы аса көрнекті практикалық жетістіктердің дәстүрлі академиялық көрсеткіштермен тең дәрежеде танылуына мүмкіндік береді (№2 қосымша).

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп мынадай құжаттарды өзектендіру бойынша жұмыстар жүргізді:

1. Қазақстан Республикасының Салалық біліктілік шеңбері (Мәдениет саласындағы кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің 2026 жылғы 4 мамырдағы № 2 шешімімен бекітілген);

Кәсіби стандарттар (№3 қосымша – бекіту хаттамалары)

«Әртіс» кәсіби стандарты (кәсіп карточкаларының тізбесі): (№3 қосымша)

1. Драма театры және кино әртісі – ҰБШ-ның 4-деңгейі;
2. Драма театры және кино әртісі – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
3. Драма театры және кино әртісі – ҰБШ-ның 7-деңгейі;
4. Драма театры және кино артисі – ҰБШ-ның 8-деңгейі;
5. Музыкалық театр әртісі – ҰБШ-ның 4-деңгейі;
6. Музыкалық театр әртісі – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
7. Музыкалық театр әртісі – ҰБШ-ның 7-деңгейі;
8. Музыкалық театр әртісі – ҰБШ-ның 8-деңгейі;
9. Сөйлеу жанрының әртісі – ҰБШ-ның 4-деңгейі;
10. Сөйлеу жанрының әртісі – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
11. Сөйлеу жанрының әртісі – ҰБШ-ның 7-деңгейі;
12. Сөйлеу жанрының әртісі – ҰБШ-ның 8-деңгейі;
13. Қуыршақ театрының әртісі – ҰБШ-ның 4-деңгейі;
14. Қуыршақ театрының әртісі – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
15. Қуыршақ театрының әртісі – ҰБШ-ның 7-деңгейі;
16. Қуыршақ театрының әртісі – ҰБШ-ның 8-деңгейі.

«Режиссер» кәсіби стандарты (кәсіп карточкаларының тізбесі):

1. Драма театрының режиссері – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
2. Драма театрының режиссері – ҰБШ-ның 7-деңгейі;
3. Драма театрының режиссері – ҰБШ-ның 8-деңгейі;
4. Музыкалық театрдың режиссері – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
5. Музыкалық театрдың режиссері – ҰБШ-ның 7-деңгейі;
6. Музыкалық театрдың режиссері – ҰБШ-ның 8-деңгейі;
7. Қуыршақ театрының режиссері – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
8. Қуыршақ театрының режиссері – ҰБШ-ның 7-деңгейі;
9. Бұқаралық қойылымдар режиссері – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
10. Бұқаралық қойылымдар режиссері – ҰБШ-ның 7-деңгейі;
11. Цирк режиссері – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
12. Цирк режиссері – ҰБШ-ның 7-деңгейі;
13. Цирк режиссері – ҰБШ-ның 8-деңгейі.

«Суретші» кәсіби стандарты (кәсіп карточкаларының тізбесі):

1. Монументалды-суретші – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
2. Монументалды-суретші – ҰБШ-ның 7-деңгейі;
3. Монументалды-суретші – ҰБШ-ның 8-деңгейі;
4. Суретші-кескіндемеші (станокшы) – ҰБШ-ның 4-деңгейі;
5. Суретші-кескіндемеші (станокшы) – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
6. Суретші-кескіндемеші (станокшы) – ҰБШ-ның 7-деңгейі;
7. Суретші-кескіндемеші (станокшы) – ҰБШ-ның 8-деңгейі;
8. Суретші-мүсінші – ҰБШ-ның 4-деңгейі;
9. Суретші-мүсінші – ҰБШ-ның 6-деңгейі;
10. Суретші-мүсінші – ҰБШ-ның 7-деңгейі;

11. Суретші-мүсінші – ҰБШ-ның 8-деңгейі.

4.Ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберлеріне және кәсіптік стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

«Өнер» бағыты бойынша оқыту нәтижелерінің салалық моделін әзірлеу және оқыту нәтижелерінің базалық тізбесін қалыптастыру мақсатында, мұнда негізгі критерийлер ретінде түлектің кәсіби қызметінде мынадай құзыреттерді көрсете білу қабілеті қарастырылады:

- көркем шығармалар мен шығармашылық жобаларды жасау және іске асыру;

- кәсіби техникаларды, технологиялар мен материалдарды қолдану;

- көркем бейнелерді, стильдер мен бағыттарды интерпретациялау;

- дербес шығармашылық ізденісті жүзеге асыру;

- көркемдік шешімдерді таныстыру және негіздеу.

2026 жылғы 26 наурыздағы № 3 ОӘБ отырысында «Шығармашылық жоғары оқу орындарындағы жобалық оқыту: теория мен практиканың интеграциясы, пәнаралық байланыс, жобалық мәдениет» мәселесі қаралды. Баяндамашылар Сатаев Н.К. (Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы) және Секеева А.М. (AlmaU) өздері қызмет ететін ЖЖОКБҰ-лардың мысалында жобалық оқытуды енгізу тәжірибесін таныстырды. Жобалық оқыту – инновациялық қызметке, пәнаралық өзара іс-қимылға және шығармашылық жобаларды тиімді іске асыруға қабілетті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың негізгі факторларының бірі болып табылады.

Оқыту нәтижелерінің салалық моделі үшін көркемдік қызметте цифрлық технологияларды қолдану да маңызды. 2026 жылғы 1 маусымдағы № 5 ОӘБ отырысында Есенбекова Г.Ж. (Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы) «Цифрландыру дәуіріндегі дербестендірілген білім беру: геймификация мен жасанды интеллект мүмкіндіктері» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада білім беру саласындағы басшыларға арналған стратегиялық ұсынымдар берілді:

- нарративтер мен аватарларға инвестиция салу, өйткені олар білім беру тұрғысынан барынша жоғары әсер береді;

- AI-Enabled University моделін гуманитарлық ғылымдар мен өнер пәндері үшін сақтықпен және жан-жақты зерделей отырып масштабтау. <https://kaznai.kz/umo-gup/>

2025–2026 оқу жылында «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ «Қазақстан Республикасындағы музыкалық өнер саласындағы үздіксіз кәсіптік білім беру: қазіргі жағдайы, проблемалары және оларды шешу жолдары» жобасын бастады. Жобаға Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық

өнер академиясы және Республикалық қосымша білім берудің оқу-әдістемелік орталығы қатысты. ЖЖҰ мен РҚББ ОӘО арасындағы Меморандум негізінде жұмыс тобы құрылып, жұмыс жоспары әзірленді (№ 4 қосымша).

Аталған жобаның мақсаты – үздіксіз кәсіптік музыкалық білім беруді біліктілік траекториясы ретінде тұжырымдау. Бұл траекторияның әрбір келесі кезеңі білім туралы кезекті құжат берумен ғана шектелмей, кәсіби құзыреттіліктің артуын қамтамасыз етуге бағытталады.

Осыған байланысты қосымша білім беру жүйесіне жататын балалар музыкалық мектептері (БММ) мен балалар өнер мектептері (БӨМ) кәсіпалды даярлық деңгейіне жатқызылды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік-құқықтық актілеріне тиісті түзетулер енгізілді (№ 5 қосымша).

5.Еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру және үздіксіз білім беру бағдарламаларын дамыту жөнінде ұсынымдар дайындау.

«Өнер» бағыты бойынша даярлықты жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ-лар креативті индустрияның шығармашыл маманын қалыптастырады. Ол өз елінің экономикалық дамуын ынталандыруда ғана емес, сонымен қатар Қазақстан халқының мәдени мұрасын сақтау мен дамытуда да маңызды рөл атқарады.

Еңбек нарығының талаптарын ескере отырып және креативті индустрияларды дамыту мақсатында 2026 жылғы 4 мамырдағы № 4 ОӘБ отырысында «Креативті индустрияның қазіргі жағдайының қажеттіліктеріне сәйкес кадрлар даярлау» мәселесі қаралды. Отырысқа шақырылған спикер – «Алматы туризм бюросы» ЖШС директорының орынбасары Елюбаева Б.С. Креативті индустриялар саласындағы сарапшы креативті экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі ретінде кадрлар даярлауға арналған баяндама жасады.

Салаға қажетті жаңа мамандардың бірқатар түрлері атап өтілді:

- жаңа типтегі шығармашылық кәсіп иелері;
- креативті продюсерлер және жобалар менеджерлері;
- коммерцияландыру және экспорт жөніндегі мамандар;
- зияткерлік меншік жөніндегі мамандар;
- цифрлық технологиялар саласындағы мамандар.

Отырыс қорытындысы бойынша еңбек нарығының кадрларға деген қажеттілігін тұрақты түрде зерделеу және пилоттық білім беру бағдарламаларын іске қосу туралы шешім қабылданды.

<https://kaznai.kz/umo-gup/>

«Өнер» бағыты бойынша даярлықты жүзеге асыратын -ЖЖОКБҮ-лар кәсіптік стандарттарды ескере отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын өзектендірді. Бұл білім беру бағдарламаларының нақты еңбек функцияларымен байланысын күшейтуге мүмкіндік берді. -ЖЖОКБҮ-лар еңбек нарығы мен креативті индустрияның қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын озық түрде жаңартуға ұмтылады (2026 жылғы 4 мамырдағы № 4 хаттама).

ОӘБ отырыстарында келесі өзекті мәселелер қаралды:

- білім беру бағдарламаларына жасанды интеллект құзыреттерін енгізу, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын дараландыру мәселелері (2026 жылғы бірінші маусымдағы № 5 хаттама)<https://kaznai.kz/umo-gup/>;
- пәнаралық байланысты дамыту мәселелері (2026 жылғы 26 наурыздағы № 3 хаттама)<https://kaznai.kz/umo-gup/>;
- музыкалық және бейнелеу өнері бағыттары бойынша үздіксіз кәсіптік білім беру мәселелері (2025 жылдағы 24.11 № 1, 2026 жылғы 01.06 № 5 отырыстардың хаттамалары)<https://kaznai.kz/umo-gup/>.

Қазақстан Республикасында маңызды бағыттардың бірі – аға буын өкілдеріне арналған үздіксіз білім беру жүйесі – «Күміс университеттерді» дамыту.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-де «Күміс университет» жобасы туралы ереже әзірленіп, «Бейнелеу өнерінің стильдері мен жанрлары», «Қазақстанның кино өнері», «Ұлы адамдардың өмірі» бағдарламалары бойынша сабақтардың тақырыптық жоспарлары бекітілді.

«Үздіксіз білім беру» (Life Long Learning) тұжырымдамасы аясында «Үшінші жастағы университет» халықаралық қозғалысын іске асыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының белсенді ұзақ өмір сүру кезеңін ұзарту, «күміс жастағы» адамдардың өмір сүру сапасы мен әлеуметтік белсенділігін арттыру, сондай-ақ өнер саласындағы білім мен дағдыларды толықтыру және кеңейту мақсатында Академия Алматы қаласы Медеу ауданының Ардагерлер кеңесімен және Алматы қаласының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығымен (БҰӨО) Меморандумдарға қол қойды.

«Күміс университет» бағдарламалары тыңдаушылар тарапынан жоғары бағаланды. Олар оқытушылар мен шақырылған лекторлардың – өнер саласындағы танымал қайраткерлердің жоғары кәсіби деңгейін, сондай-ақ құндылықтық, тарихи-мәдени және эмоционалдық мазмұндағы сабақтарды ерекше атап өтті. Аталған сабақтар тек Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының қабырғасында ғана емес, сонымен қатар Алматы қаласының барлық музейлерінде өткізілді. (<https://kaznai.kz/>)

6.Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Өнер саласы мамандарын даярлаудың қазіргі жағдайында оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу ерекше маңызға ие. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында ОӘБ отырыстарының жоспарына проблемалық, жобалық және зерттеуге негізделген оқытуды, білім беру үдерісін цифрландыру мен онда жасанды интеллектіні пайдалануды, сондай-ақ практикалық-бағдарланған оқытуды дамыту мәселелерін қамтитын тақырыптар енгізілді.

Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу мәселелері бойынша жасалған баяндамалардың нәтижелері негізінде төмендегідей ұсынымдар қабылданды.

Жобалық оқыту бойынша:

«Өнер» бағыты бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесі негізінде жобалық оқытуды инновациялық қызметке, пәнаралық өзара іс-қимылға және шығармашылық жобаларды тиімді іске асыруға қабілетті бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың негізгі факторы ретінде дамыту ұсынылды. Озық жоғары оқу орындарының тәжірибесін оқу үдерісіне енгізу қажет (2026 жылғы 26.03. №3 хаттама)<https://kaznai.kz/umo-gup/>.

Зерттеуге негізделген оқыту бойынша:

«Өнер» бағыты бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын ҚР - ЖЖОКБҰ- лары оқу үдерісіне research based learning (зерттеуге негізделген оқыту) қағидатын белсенді түрде енгізуі қажет (2026 жылғы 04.05. №4 хаттама).<https://kaznai.kz/umo-gup/>

Білім беру үдерісін цифрландыру және жасанды интеллектіні пайдалану бойынша:креативті индустриялардың кадрлық әлеуетін қамтамасыз ету және білім берудің цифрлық трансформациясын жүзеге асыру мақсатында ҚР жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі үшін «Медиа және гейм-технологиялар (Гейм-дизайн)» бағыты бойынша кадрлар даярлау бастамасын өзекті әрі уақтылы деп тану ұсынылды (2026 жылғы 01.06 №5 хаттама)<https://kaznai.kz/umo-gup/>.

Магистратурада практикалық-бағдарланған оқытуды дамыту бойынша:

«Өнер» бағыты бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын ҚР - ЖЖОКБҰ -лары бейіндік бағыттар бойынша магистрлер мен докторларды даярлауды кәсіби шығармашылық ұйымдармен және серіктестермен тұрақты ғылыми-шығармашылық өзара іс-қимыл негізінде қамтамасыз етуі қажет (2026 жылғы 04.05. №4 хаттама)<https://kaznai.kz/umo-gup/>.

Өнер бағытындағы жоғары оқу орындарында оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын тиімді енгізу педагогикалық практиканы кешенді түрде трансформациялауды көздейді. Заманауи маманды даярлау моделі білім беру бағдарламаларының нәтижелеріне бағдарлана отырып, цифрлық технологияларды, жасанды интеллектіні, жобалық және проблемалық оқытуды өзара ықпалдастыруды көздейді. Бұл мамандарды даярлау сапасын арттыруға және олардың қазіргі қоғам мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

7. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселелері бойынша құжаттардың жобаларын дайындауға және сараптауға қатысу.

Есепті кезеңде 2026 жылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселелері бойынша төмендегі нормативтік құжаттар жобаларына сараптама жүргізілді:

- Шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары филиалдарын тану қағидалары;
- Аккредиттеу органдарына қойылатын талаптар;
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптары;
- Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама;
- Ғылыми қызмет субъектілерін аккредиттеу;
- Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру;
- Білім беру гранттарын тағайындау қағидалары;
- Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу;
- Шетелде білім алу / «Болашақ» бағдарламасы;
- Мамандарды жұмысқа жіберу және міндетті еңбек өтеу қағидалары.

ОӘБ қорытындысы: құжаттар жобалары қолданыстағы заңнамаға сәйкес келеді, ескертулер мен ұсыныстар жоқ, қабылдауға ұсынылды.

8. ЖЖОКБҰ профессорлар-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыруға қатысу.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының базасында Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мен колледждерінің 83 оқытушысы хореография, дәстүрлі музыкалық өнер, актерлік өнер, режиссура және басқа да бағыттар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Оқыту барысында өнер саласының аталған бағыттары бойынша кәсіби құзыреттерді қалыптастыру әдістері меңгерілді. Есепті кезеңде Академияның біліктілікті арттырудан өткен профессор-оқытушылар құрамының саны 284 адамды құрады. Оның ішінде 59

қызметкер білім берудегі менеджмент бойынша курстардан өтті. (<https://kaznai.kz/>)

□ Біліктілікті арттыру курстары теориялық материалдармен қатар кәсіби практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған және көркемдік білім беру саласындағы заманауи тұжырымдамалық тәсілдер мен өзекті бағыттарды қамтиды.

Өнер саласындағы үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін дамыту мақсатында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы өнер саласындағы техникалық және кәсіптік білім беру педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курстарын әзірледі. (<https://kaznai.kz/>)

□ Бағдарламаларда сабақтастық қағидаты, сондай-ақ алғашқы мамандықты игеру үшін тереңдетілген кәсіби даярлық қарастырылған (мысалы, балет әртісі, театр әртісі, кескіндемеші, өнердің бастапқы сыныптары пәндерінің оқытушысы).

9.Ғылым және жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізу.

1. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының базасында құрылған ОӘБ өнерді жоғары білім мен ғылымды дамытудың жалпы мемлекеттік саясатына үйлесімді енгізу мақсатында өз отырыстарында шығармашылық білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескеретін мәселелерді қарастырып, ұсыныстар енгізді. Атап айтқанда, 2025–2026 оқу жылында оқытудағы зерттеу әдісі (2026 ж. 04.05 №4 хаттамасы), жобалық оқыту және шығармашылық практика (2026 ж. 04.02 №2 хаттамасы), цифрландыру және геймификацияландыру (2026 ж. 01.06 №5 хаттамасы), креативті индустрия (2026 ж. 04.05.№4 хаттамасы), халықаралық ынтымақтастық мәселелері (2026 ж. 26.03 №3, 01.06. № 5 хаттамалары) қаралды. <https://kaznai.kz/umo-gup/>

2.«Үздіксіз кәсіби музыкалық білім беру тұжырымдамасы» жобасы әзірленді. Онда бастапқы музыкалық мектепте немесе өнер мектебінде білім алу кәсіпалды даярлық болып табылатыны белгіленген. Қазақстан Республикасының қосымша білім беру жүйесіне (балалар музыка мектептері, балалар өнер мектептері) қатысты нормативтік-құқықтық актілерге толықтырулар енгізілді. (№ 5 қосымша)

10.ЖЖОКБҰ ББ іске асырудың пайдалану параметрлерін ескере отырып, мониторингін жүргізу (кадрлық, әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету), ББ-ны тізілімнен қосу немесе алып тастау бойынша ұсынымдар әзірлеу.

2025–2026 оқу жылында «Хореография», «Вокалдық өнер», «Аспаптық орындаушылық» және басқа да білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына жүргізілген ауызша

мониторинг нәтижесінде оқу үдерісін кадрлық және әдістемелік қамтамасыз етуге қатысты маңызды мәселе – концертмейстерлердің тапшылығы анықталды.

Концертмейстерлердің болмауы білім беру және орындаушылық міндеттерді толық көлемде жүзеге асыру мүмкіндігін шектейді, білім алушылармен жұмыс сапасының төмендеуіне, олардың шығармашылық және концерттік мүмкіндіктерінің шектелуіне, емтихандарға, академиялық концерттерге, конкурстар мен концерттік қызметке дайындық сапасының төмендеуіне әкеледі. Осылайша, білім беру сапасы, оқу үдерісінің тиімділігі және студенттердің орындаушылық даярлық деңгейі айтарлықтай төмендейді.

Өңірлік жоғары оқу орындары өкілдерінің ұсынысы бойынша аталған мәселені 2026–2027 оқу жылында ОӘБ отырысында талқылауға шығару және тиісті нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау мақсатында төмендегідей ұсынымдар берілді:

1. жетекші жоғары оқу орындарында – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында және Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде концертмейстерлер даярлау мәселесін қарастыру;
2. білім беру ұйымдарындағы концертмейстерлердің кадрлық тапшылығын толықтыру;
3. шығармашылық жоғары оқу орнында концертмейстердің рөлін білім беру үдерісінің толыққанды қатысушысы ретінде айқындау;
4. концертмейстердің практикалық жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін оқытушылық, әдістемелік және ұйымдастырушылық қызметін, сондай-ақ орындаушылық және ансамбльдік құзыреттерді қалыптастыруға ықпал ететін кәсіби функциясын ескере отырып, оның мәртебесін педагог мәртебесіне теңестіру.

Концертмейстер-педагог студенттің музыкалық ойлау қабілетінің, көркемдік талғамының, кәсіби шеберлігінің және орындаушылық дербестігінің дамуына ықпал етеді.

11. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша РОӘК грифімен оқу басылымдарының тақырыптық жоспарларын қалыптастыру.

ОӘБ грифі бар оқу басылымдарының тақырыптық жоспары қалыптастырылып, бекітілді. «Өнер» бағыты бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары оқу жоспарларын зерделеу және жүйелеу негізінде қажетті оқу әдебиеттерінің тізімін ұсынды. <https://kaznai.kz/umo-gup/>

12. РОӘК грифін беруге ұсынылған оқу басылымдарына сараптама, рецензия жүргізу.

Баспаға ұсыну жөніндегі ұсыныммен оқу басылымдарына сараптама және рецензиялау жүргізілді:

1. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті Б.Н. Қалымбетовтың «Режиссердің актермен және актер емес орындаушымен жұмысы» атты оқу құралы (басылым тілі – қазақ және орыс тілдері);
2. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Вокалдық өнер» кафедрасының доценті И.В. Олексенко мен «Арнайы фортепиано» кафедрасының аға оқытушысы М.Я. Сепптің 6B02120 «Вокалдық өнер» білім беру бағдарламасына арналған міндетті фортепиано пәні бойынша 1 томдық оқу-әдістемелік құралы (Брайль қарпімен);
3. С. Бәкірова (Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті) авторлығымен жарық көрген «Ғылыми зерттеу негіздері (хореография өнері саласында)» оқу құралы. («Өнер» бағыты бойынша ОӘБ РОӘК отырысының 2025 жылғы 27 маусымдағы №5 хаттамасы).
4. «Өнер» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ белгісін алу үшін ұсынылатын оқулық басылымдары сарапшыларының құрамы қалыптастырылды. Құрамында 11 адам бар, олар ОӘБ мүшелерінен, жұмыс берушілерден, жетекші мамандардан және өнер саласындағы ПОҚ өкілдерінен тұрады. Әрбір оқулық басылымы бойынша оқу құралының мазмұнына сараптамалық қорытынды жасалады. <https://kaznai.kz/umo-gup/>

13. ЖЖОКБҰ-ның оқу процесінде оларды жариялау және пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін жаппай онлайн ашық курстарға сараптама жүргізу.

Оқу үдерісінде пайдалануға ұсынылған курстар:

1. Experimental Fine Art: Paint as Material – эксперименттік кескіндемеге арналған курс. Мұнда бояу тек бейнелеу құралы ретінде ғана емес, көркемдік практиканың дербес материалы ретінде қарастырылады. Курс FutureLearn платформасында ұсынылған.
2. The Art of Creating Fashion Photoshoots – фотография, сән, визуалды мәдениет және шығармашылық продюсерлік тоғысындағы өнерге арналған курс.
3. Working with Cultural Data: A Creative Approach – шығармашылық өнерді (creative arts), мәдени деректермен жұмысты, зерттеу және көркемдік әдістерді біріктіретін курс. Курс Глазго университеті тарапынан әзірленген.
4. Art and the Environment in Southeast Asia: Making in a Changing World – заманауи бағыттардың бірі – өнер және экологиялық мәселелер. Курс Оңтүстік-Шығыс Азия суретшілерінің экологиялық және әлеуметтік

өзгерістерді пайымдау үшін көркемдік практикаларды қалай пайдаланатынын қарастырады.

5. Techniques for Illustrators: The Art of Collage – Leeds Arts University әзірлеген практикалық-бағытталған курс. Курс коллаж, текстура, пішін және иллюстрацияның эксперименттік әдістерін қамтиды.

14. Ұлттық бірыңғай тестілеудің, талапкерлерді кешенді тестілеудің бейіндік пәндерін айқындау жөнінде ұсынымдар қалыптастыру.

2025–2026 оқу жылында «Өнер» бағыты бойынша білім беру бағдарламалары топтарында шығармашылық емтихандар өткізілетін төмендегі білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі айқындалды:

1. B099 – Аспаптық орындаушылық
2. B100 – Вокалдық өнер
3. B101 – Дәстүрлі музыкалық өнер
4. B102 – Эстрада өнері
5. B103 – Кино және теледидар режиссурасы
6. B104 – Сахналық өнер және цирк режиссурасы
7. B105 – Анимация режиссурасы
8. B106 – Операторлық және фотосурет өнері
9. B107 – Медиаөнер және цифрлық технологиялар
10. B108 – Сценография
11. B109 – Сәндік өнер
12. B110 – Фэшн-дизайн

Білім беру бағдарламаларының аталған топтары мәдениет саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін басқа қолданыстағы білім беру бағдарламаларының топтарымен тең дәрежеде қолданылады. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/>

15. Қазақстан Республикасы ЖЖОКБҰ-да инклюзивті ортаны қалыптастыру бойынша ұсынымдар дайындау;

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы» заңының ережелерін шығармашылық қызмет саласында іске асыру мақсатында инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

Мүгедек балалардың ата-аналары қауымдастығымен (АРДИ) және «Кеңес» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігімен

(Әлеуметтік бейімдеу және еңбекпен оңалту орталығы) ынтымақтастық туралы жасалған меморандумдарға сәйкес тараптар АРДИ, «Кеңес» МҚБ және Академия арасындағы байланысты нығайтуда. 2025–2026 оқу жылында «Наурыз» мерекесін атап өтуге арналған бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Кино және теледидар факультеті АРДИ-мен бірлесіп, «Шәкен» кино клубы аясында «Быть или не быть» және «Девушка и море» фильмдерінің көрсетілімдерін өткізді. Фильмдерді тамашалауға қоюшы режиссер, басты рөлдерді сомдаған актерлер және фильмдерді жасаған басқа да шығармашылық топ мүшелері шақырылды.

Бұл іс-шараның көпвекторлылығы бірлескен мәдени қызмет арқылы кәсіби, инклюзивті, әлеуметтік және адами өзара іс-қимыл тәжірибесі қалыптасатын көпдеңгейлі білім беру практикасынан көрінеді. Дәл осы ерекшелік оны Академиядағы тәрбие жұмысы үшін құнды етеді. <https://kaznai.kz/>

16. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы жүйесін құру бойынша халықаралық тәжірибеге талдау жүргізу және жалпылау;

Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясатын қалыптастыру бойынша халықаралық тәжірибені талдау және жинақтау мақсатында УМО отырысында (2026 жылғы 1 маусымдағы №5 хаттама) Қазақстан үшін қызығушылық тудыратын модель туралы баяндама жасалды. Баяндамамен Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының философия саласындағы PhD докторлары сөз сөйледі:

-Жангужинова М.Е. – Венгрияның Бейнелеу өнері университетінде (Hungarian University of Fine Arts) өткен жоғары оқу орындары қызметкерлерінің 3-ші Халықаралық апталығы туралы;

-Наурызбаева А.С. – Краков қаласындағы Ян Матейко атындағы Өнер академиясында (Польша) өткен тағылымдамасының нәтижелері туралы

Баяндамашылардың негізгі назары Венгрия мен Польша жоғары оқу орындарындағы оқыту нәтижелеріне, білім беру бағдарламаларын мерзімді қайта қарауға және бағалау нәтижелерінің жариялылығына аударылды. <https://kaznai.kz/umo-gup/>

17. Оқу-әдістемелік семинарлар, тренингтер, вебинарлар, мастер-кластар, конференциялар өткізу.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында 2026 жылғы 12–16 қаңтар аралығында «Өнер саласындағы білім беру бағдарламаларын дамытудың заманауи бағыттары: сапа, инклюзия, инновациялар» тақырыбында әдістемелік апта өткізілді. Іс-шараға әлеуметтік серіктестер – Алматы қаласындағы «АРДИ» орталығының

(мүгедектігі бар балалар ата-аналарының қауымдастығы) және Қарттардың белсенді өмір сүру орталығының (ЦАД) басшылары шақырылды.

Әдістемелік аптаның бағдарламасы Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің қазіргі жағдайындағы жетекші үрдістерді қамтуымен ерекшеленді. Оқытушылар-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің белсенді қатысуы, спикерлердің өзекті баяндамалары іс-шараға қатысушылардың кәсіби және әдістемелік деңгейін арттыруға, олардың ғылыми-әдістемелік құзыреттерін кеңейтуге ықпал етті.<https://kaznai.kz/>

Жалпы, есепті кезең ішінде Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында 14 ғылыми-білім беру іс-шарасы өткізілді. Оның ішінде 2 халықаралық ғылыми конференция, 4 ғылыми-әдістемелік семинар және 8 халықаралық/республикалық шеберлік сыныптары мен семинарлары ұйымдастырылды.

Аталған іс-шаралар Академияда білім беру сапасы мен профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, ғылыми әлеуетті дамытуға, серіктестік байланыстарды кеңейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар білім мен технологиялар трансферті жүзеге асырылып, жоғары оқу орнының халықаралық беделі арта түсуде.
<https://kaznai.kz/>

18.«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының білім беру бағдарламаларының рейтингі бойынша жыл сайынғы ұсынымдарды орындау кезінде ЖЖОКБҰ-на қарауға қатысу және оларға жәрдемдесу.

2025 жылғы 27 сәуірдегі №207 бұйрықтың 18-тармақшасына сәйкес «Өнер» бағыты бойынша УМО «Атамекен» ҰКП-ның жыл сайынғы ұсынымдарын орындау бойынша жұмыс жүргізді.

1) Студенттердің практикалық даярлығын нығайту

Студенттердің практикалық даярлығын күшейту және өндірістік практиканы кәсіпорындарда ұйымдастыру арқылы студенттерге өз саласы бойынша нақты еңбек тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік беру мақсатында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Актерлік өнер» білім беру бағдарламасының студенттері Шымкент қаласының театрларымен жасалған келісімшарттар негізінде дипломалды практикадан өтті.

Практика нәтижесінде 30 студент «Шымкент жастар театры» және Ж. Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театрына жұмысқа орналастырылды.

«Өнер» бағыты бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ-ларда бакалавриат, магистратура және докторантура білім

беру бағдарламаларының оқу бағдарламалары кәсіби стандарттарға сәйкестендірілді. Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА оқытушылары жұмыс берушілермен бірлесіп, «Артист», «Суретші», «Режиссер» кәсіби стандарттарын өзектендірді (3-қосымша).

2) Мамандарды мақсатты даярлау

Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-да дуальды оқыту шеңберінде мамандарды мақсатты даярлау жүзеге асырылады.

Мәселен, 2025–2026 оқу жылында дуальды оқыту бағдарламасы бойынша Академияны студенттері жұмысқа орналастырылды.

https://epvo.kz/#/register/education_program

19.2026 жылғы 25 маусымдағы РОӘК отырысының хаттамалық тапсырмаларын орындау

«ЖЖОКБҰ қызметінің жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін бағалау әдістемесі» мәселесі бойынша РОӘК отырысының хаттамалық тапсырмаларын орындау мақсатында жаңа әдістеме бойынша бағалауға дайындық бойынша жұмыс жүргізілді.

1. Мәдениет және өнер саласындағы үшін үлес салмағын ескере отырып, барлық индикаторларға, олардың салмақтарына, деректер көздеріне және жауапты бөлімшелерге ішкі аудит жүргізілді.

2. Жұмыстың негізгі бағыттары белгіленген:

- көрсеткіштер бойынша ЖЖОКБҰ-ның ағымдағы жай-күйін анықтау,
- көрсеткіштердің өсуі үшін резервтері бар бағыттарды айқындау,
- статистикалық талдау негізінде рейтингтік көрсеткіштерді арттыру жөніндегі стратегияны,
- ЖЖОКБҰ рейтингін арттыру үшін стратегиялық іс-шаралар жоспарын жасау.

20.ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

«Өнер» бағыты бойынша ОӘБ іске асырған жобалары:

- «Музыкалық өнер саласындағы үздіксіз кәсіби білім беру» жобасы үздіксіздік, сабақтастық, қолжетімділік және ерте кәсіби бағдарлау қағидаттарына негізделген музыкалық білім беруді дамытудың жаңа басқару моделін енгізуге негіз болды;
- «Күміс университет» жобасы өмір бойы білім алу тұжырымдамасын дамытудағы инновациялық шешімге айналды. Жоба өнер саласындағы білім алушылар аудиториясының дәстүрлі шекараларын кеңейтіп, белсенді шығармашылық және зияткерлік ұзақ өмір сүруге, мәдени тәжірибені беруге, сондай-ақ аға буынды заманауи мәдени-білім беру ортасына тартуға жағдай қалыптастырды;

- Инклюзивті орталықтармен бірлескен жобалар жекелеген іс-шараларды бейімдеу қағидатынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды шығармашылық қызметке қосудың тұрақты тетіктерін қалыптастыруға көшуге мүмкіндік берді. Осылайша, өнер саласындағы білім берудің әлеуметтік функциясы және оның өзін-өзі іске асыру мен әлеуметтік интеграция құралы ретіндегі мүмкіндіктері кеңейді;
- Креативті индустрияның қазіргі даму жағдайына қажетті кадрларды даярлау білім беру үдерісіне заманауи креативті индустрияларды, кәсіби тұрғыда іске асырудың жаңа нысандарын, жобалық қызметті және өнер саласындағы кәсіпкерлік әлеуетті түсінуді енгізуге мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың кәсіби болашақ мүмкіндіктеріне кеңірек көзқарасын қалыптастырып, «Өнер» бағыты бойынша білім берудің практикалық маңызын арттырады.

Іске асырылған жобалар «Өнер» даярлау бағыты бойынша ЖЖОКБҰ-лардың тек білім беру алаңы ғана емес, сонымен қатар адами капиталды, мәдениет пен өнерді, әлеуметтік интеграцияны және креативті экономиканы дамыту орталықтары болып табылатынын көрсетеді.

Ұсыныстар

1. Тәжірибе алмасу мақсатында мына мәселелер бойынша семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру:
 - біліктілікті тану тетіктері;
 - бір деңгейден екінші деңгейге көлденең және тігінен ауысу мүмкіндіктері.

Жоғары және жоғары оқу орнынан
кейінгі білім берудің республикалық
оқу-әдістемелік кеңесінің және
кадрлар даярлау бағыттары бойынша
оқу-әдістемелік бірлестіктердің
қызметі туралы ережеге 2-қосымша

**Оқу-әдістемелік бірлестігі қызметі нәтижелерінің түйінді
көрсеткіштері (КРІ)**

ЖЖОКБҰ атауы **Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы**

Кадрларды даярлау бағыты бойынша ОӘБ «Өнер» _____

№	Өнімділік көрсеткіштері	Макс малды балл	ЖЖОКБҰ балы
1	ОӘБ жұмыс жоспарын бекіту	5	5
2	ОӘБ сапалы құрамы:		
	ЖЖОКБ құрамы	1	1
	жұмыс берушілер	1	1
	үкіметтік емес ұйымдар	1	1
	кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары мен бейіндері бойынша етелдік әріптестер	2	2
3	Стейкхолдерлер мен шетелдік әріптестерді тарта отырып; ОӘБ отырыстарын өткізу:		
	бекітілген жоспарға сәйкес	1	1
	ОӘБ кеңейтілген отырысы	1	1
	ОӘБ отырысының өзекті тақырыптары	1	1
	шетелдік әріптестерді тарту (ОӘБ мүшелері емес)	2	
	ірі компанияларды, бизнес қауымдастарды және т.б. стейкхолдерлерді тарту (ОӘБ мүшелері емес)	2	2
4	Кадрлар даярлаудың жетекшілік ететін бағыттарына байланысты экономикалық қызмет түрлері бойынша салалық біліктілік шеңберін, кәсіптік стандарттарды әзірлеуге қатысу:		
	3 құжатқа дейін	3	
	3-4 құжаттар	4	
	5 және одан көп құжаттар	5	5
5	ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы НҚА мен өзге де құжаттарды әзірлеуге және сараптауға ОӘБ -нің қатысуы РК:		
	3 құжатқа дейін	3	
	3-4 құжаттар	4	
	5 және одан көп құжаттар	5	5
6	Білім беру бағдарламаларын (ББ) әзірлеу, жетілдіру және талдау бойынша ұсынымдар әзірлеуге қатысу:		
	10 -нан аз ББ	5	5
	11-20 ББ	7	

	21 және одан да көп ББ	9	
7	Кадрлар даярлаудың жетекшілік ететін бағыттарына бойынша оқулықтармен, оқу құралдармен және электрондық ресурстармен қамтамасыз етілуі талдау жүргізу		
	барлық ЖЖОКБҰ	15	
	бірнеше ЖЖОКБҰ	5	5
8	ОӘБ қабылданатын хаттамалық шешімдерінің тиімділігі және оларды ОӘБ-ге мүше жоғары оқу орындарының білім беру процесіне еңгізу:		
	барлық хаттамалар бойынша жауаптардың болуы	5	5
	барлық хаттамалар бойынша бірнеше ЖЖОКБҰ жауаптардың болуы	3	
9	Кадрлар даярлаудың жетекшілік ететін бағыттарына бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын жетілдіру мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, дөнгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу:		
	2 іс-шарадан көп емес	5	
	3-4 іс-шаралар	10	10
	5 және одан көп іс-шаралар	15	
10	Кадрлар даярлаудың жетекшілік ететін бағыттарына бойынша ОӘБ қарауына келіп түскен оқу-әдістемелік материалдарға сараптама жүргізу (сараптамалар саны):		
	5 сараптамаға дейін	5	5
	6-10 сараптама	10	
	10-15 сараптама	15	
	16 және одан көп сараптама	20	
11	Кадрлар даярлаудың жетекшілік ететін бағыттарына бойынша (бейіні бойынша) білім беру процесіне халықаралық жобалардың, ғылыми қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін еңгізу		
	1 еңгізілген акт	5	5
	2-4 еңгізу актілері	10	
	5 және одан да көп актілері	15	
12	Жетекшілік ететін мәселелер бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының жаңа білім беру бағдарламаларымен инновациялық педагогикалық технологияларды еңгізу бойынша мониторингі		
	барлық ЖЖОКБҰ бойынша	20	
	бірнеше ЖЖОКБҰ бойынша	5	5
13	Оқу жылындағы жұмыс жоспарын орындау бойынша ОӘБ есебінің толықтығын растайтын материалдармен:		
	ЖЖБДҰО-ға уақытылы есепті ұсыну	5	5
	базалық ЖЖОКБҰ сайтында есепке сілтеменің болуы	5	5

есептің құрылымы осы Ереженің 21-тармағына сәйкес келеді	5	5
есепте әткізілгеніс-шараларғасілтемелердің болуы	5	5

**«Өнер» бағыты бойынша ОӘБ
төрағасының орынбасары,
оқу және оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректор**



Ергөбек Ш.Қ.

ОӘБ ғылыми хатшысы



Гизатова Г.Б.